

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 шілдедегі N 699 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 474 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.05.2013 № 474 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 шілдедегі N 1011 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау е р е ж е с і н д е :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының тәуелсіз сыртқы аудиторын анықтау үшін жыл сайынғы аудиттің нәтижелерін бере отырып әрбір екі жыл сайын өткізіледі.";

30-тармақтың бірінші абзацындағы "аудит" деген сөздің алдынан "әрбір жылға" деген сөздермен толықтырылсын;

56-тармақта "3 күн" деген сөздер "10 күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

Е р е ж е г е б - қ о с ы м ш а д а :

"Қор бойынша қаржылық есептілік" деген 3-бөлімде: бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қор бойынша есептілік";

2) тармақша алынып тасталсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімді басқару туралы шартқа сәйкес берілетін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық Қорды сенімді басқару нәтижелері туралы жылдық есебі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық қорды сенімді басқару жөніндегі қаржылық есептілігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК